

## «Бекітемін»

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
білім басқармасы» КММ «Ермек Серкебаев  
атындағы өнер колледжі – өнерде дарынды  
балаларға мамандандырылған мектеп-интернат»  
кешені» КММ директоры

 Р. Ә. Кашенева

" 03 " 03 2024 ж.

## «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ермек Серкебаев атындағы өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» КММ апелляциялық комиссия туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Апелляциялық комиссия туралы осы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде әзірленді.

1.2. Апелляциялық комиссияның дербес құрамы Кешені директорының бұйрығымен бекітіледі және оның төрағасы айқындалады.

1.3. Комиссия жұмысты оқу жылы ішінде, сондай-ақ колледжде түсу емтихандарын өткізу кезеңінде жүзеге асырады.

Комиссия мүшелерінің қызметін бақылауды қабылдау комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

### 2. Апелляциялық комиссияның құрамы

2.1. Комиссия құрамына: циклдік әдістемелік комиссиялардың төрағалары, әлеуметтік-экономикалық және жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы кіреді. Апелляциялық комиссияның жұмысын төраға басқарады, ол оны белгіленген тәртіппен ұйымдастырады.

### 3. Апелляциялық комиссияның өкілеттіктері мен функциялары

3.1. Апелляциялық комиссия бірыңғай талаптардың сақталуын камтамасыз ету және емтихандар мен аралық аттестаттау, түсу емтихандары есептерін бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу және білім алушылар мен колледжге түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында құрылады.

3.2. Комиссияның негізгі функциялары:

- білім алушылар мен талапкерлердің колледжге апелляцияларын қабылдау және қарау;
- қойылған бағаның (баллдардың) жұмыстарды бағалаудың қабылданған талаптарына сәйкестігін анықтау;
- қойылған бағаның (баллдардың) сәйкестігі туралы немесе басқа бағаны қою туралы шешім қабылдауға (оны көтерген жағдайда да, төмендеткен жағдайда да);
- қабылданған шешім туралы хаттаманы ресімдеу және оны білім алушыға немесе оқуға түсушіге жеткізу (қол қойғызып).

#### **4. Апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастыру**

4.1. Комиссия жұмысын комиссия төрағасы, ол болмаған кезде колледж директорының бұйрығымен тағайындалған төрағаның орынбасары басқарады.

4.2. Комиссияның шешімдері комиссияның тізімдік құрамының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

#### **5. Апелляцияларды қарау тәртібі**

5.1. Колледж өткізетін түсу емтихандарына қатысатын оқуға түсушілер мен білім алушылар апелляция беруге құқылы.

5.2. Білім алушының немесе апелляциялық комиссия төрағасының атына келіп түскен дәлелді жазбаша өтініші немесе бағаның төмендеуіне әкелген сынақ, емтихан рәсімінің бұзылуы туралы, немесе оның пікірі бойынша емтиханға немесе сынаққа қойылған бағаның (баллдың) қате болуы апелляция болып табылады. Апелляцияларды қарау барысында қойылған бағаның (баллдардың) дұрыстығы және емтихандарды өткізу тәртібінің сақталуы ғана тексеріледі.

5.3. Апелляциялар мәселелер бойынша қабылданбайды:

- емтихан тапсырмаларының мазмұны мен құрылымын;
- білім алушылар мен оқуға түсушілердің емтихандағы (сынақтағы) тәртіп ережелерін бұзуына байланысты;
- білім алушы мен оқуға түсушінің емтихан (сынақ) жұмысын орындау жөніндегі нұсқаулықты бұзуына байланысты.

Екінші тұлғалардың, оның ішінде оқуға түсушілердің туыстарының өтініштері қабылданбайды және қаралмайды. Білім алушының (оқуға түсушінің) өзін нашар сезінуіне сілтеме апелляцияға себеп болып табылмайды және қараусыз қалдырылады. Науқастануы туралы медициналық анықтамалар оны тапсырғаннан кейін емес, емтихандар (сынақтар) басталар алдында көрсетілуі тиіс.



5.4. Алынған бағалаумен (балмен) келіспеген оқуға түсуші апелляциялық комиссия төрағасының атына жазбаша апелляция береді, ол апелляцияны тіркеу журналында тіркеледі.

5.5. Апелляция сынақтар, емтихандар нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей беріледі. Бұл ретте білім алушы (оқуға түсуші) колледж белгілеген тәртіппен өзінің емтихан жұмысымен танысуға құқылы. Апелляцияны қарау емтихан (сынақ) жұмыстарымен танысқаннан кейін бір күн ішінде жүргізіледі. Көрсетілген мерзімде келмеген білім алушылар немесе оқуға түсушілер үшін қайта апелляция тағайындалмайды және өткізілмейді.

5.6. Білім алушы, оқуға түсуші апелляцияны қарау кезінде қатысуға құқылы.

Егер ол кәмелетке толмаған (18 жасқа дейін) болса және кәмелетке толғанға дейін заңнамаға сәйкес әрекетке толық қабілетті деп танылмаса, апелляцияны қарау кезінде оның ата-анасының (немесе заңды өкілдерінің) біреуі қатысуға құқылы. Аталған адамдардың өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттары болуға тиіс.

5.7. Апелляцияны қарау қайта емтихан болып табылмайды. Жұмыстарға түзетулер енгізуге жол берілмейді. Жазбаша емтихан бойынша апелляцияны қарау кезінде білім алушының, оқуға түсушінің жазбаша жұмысына қайта тексеру жүргізіледі.

5.8. Апелляцияны қарау, емтихан жұмысының мазмұнын зерделеу және талдау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия шешім қабылдайды:

- апелляцияны қанағаттандырудан бас тарту және бағалауды (баллдарды) өзгеріссіз қалдыру туралы;

- апелляцияны қанағаттандыру және емтихан (сынақ) бағасын (баллдарын) өзгерту туралы.

5.9. Комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді және қажет болған жағдайда студенттің (түсушінің) емтихан жұмысына бағаларға (баллдарға) өзгерістер енгізіледі. Апелляциялық комиссияда қойылған бағаға (баллға) байланысты келіспеушіліктер туындаған кезде дауыс беру жүргізіледі және баға (балл) көпшілік дауыспен бекітіледі.

5.10. Апелляциялық комиссияның хаттамамен ресімделген шешімі оқуға түсетін студенттің назарына жеткізіледі (кол қойғызып).

5.11. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

## А Қосымшасы

Апелляциялық комиссия төрағасы

Т.А.Ә.

(студент (талапкер))

(Тегі, Аты, Әкесінің аты толық)

мамандығы \_\_\_\_\_

### АПЕЛЛЯЦИЯ

Сынақ немесе емтихан, түсу емтихандарының нәтижелері бойынша бағалауды (баллдарды) өзгерту туралы мәселені карауды сұраймын.

« \_\_\_\_\_ », себебі менің ойымша:  
пәндер бойынша

- 1.
- 2.
- 3.

Күні Қолы

Апелляцияларды тіркеу журналы

№ р/р	Студенттің, талапкердің Т.А.Ә.	Пәннің атауы	Сынақты немесе емтиханды, түсу емтиханын тапсыру күні	Апелляция берілген күн
1	2	3	4	5

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ  
«Ермек Серкебаев атындағы өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға  
мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» КММ

**ХАТТАМА**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
Апелляциялық комиссия отырысы

**Қатысқандар:**

Төраға Т.А.Ә.

Жауапты хатшы Т.А.Ә.

Комиссия мүшелері Т.А.Ә.

Т.А.Ә.

Т.А.Ә.

Т.А.Ә.

**Күн тәртібі:**

Апелляцияны талдау

\_\_\_\_\_ студенттің (талапкердің) аты-жөні толығымен  
сынақ ( емтихан), түсу емтиханы бойынша  
емтихан \_\_\_\_\_  
пәндердің атауы толығымен

**Қаулы:**

Апелляциялық комиссия ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

\_\_\_\_\_ Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /

Қолы қолды таратып жазу

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /

Қолы қолды таратып жазу

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
Қолы қолды таратып жазу

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
Қолы қолды таратып жазу

Комиссия шешімімен таныстым:

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
Қолы қолды таратып жазу